

**6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша  
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Шанкулов  
Ерлан Тулеубаевичтың «Заманауи волейболдағы жылдық макроциклдің  
әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты жоспарлау ерекшеліктері»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

№ р/р	Критериялар	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірі таңдалу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы).	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Диссертация тақырыбы ғылым дамуының келесідей басыңқы бағыттарына сай келеді: «Заманауи волейболдағы жылдық макроциклдің әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты жоспарлау ерекшеліктері».  «Қазақстан Республикасының дене шынықтыруды және спортты дамыту Концепциясын 2025 жылға дейін бекіту туралы» қаулысында айқындалған міндеттерді іске асыруға бағытталған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ ашылмаған	Зерттеу нәтижесінде алғаш рет волейболға қатысты спорттағы атлетикалық даярлық ұғымы теориялық тұрғыдан негіздеме берілген. Эксперименталды түрде жоғары білікті командалардың жылдық макроциклдегі жарыстық қызметінің тиімділігін айқындайтын жаттығу жүктемесін жоспарлаудың тиімділігі дәлелденді. Волейболшылар мен командаларды заманауи деңгейде даярлаудағы атлетикалық жүктеме көлемін арттыру қажеттілігі анықталды.
3.	Дербестік қағидасы	Дербестік деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен ; 4) дербестік жоқ	Ізденуші тақырып бойынша зерттеу жұмысына ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасап, педагогикалық эксперимент жүргізген. Диссертацияның әрбір

			бөлімі мен жалпы мазмұны бойынша тұжырымдама жүргізіп, қорытынды жасаған. Арнайы атлетикалық даярлықты жоспарлауды жүзеге асыру барысында нақты әдістеме әзірлеп, оның іске асырылуына бақылау жүргізген.
4.	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделгендігі: 1) <u>негізделген</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген	Біліктілігі жоғары волейболшыларды даярлаудың атлетикалық бағытына басымдылық берілген, оның мәні: жаттығу-жарыс іс-әрекетінің жылдық макроциклінде ойыншыларды атлетикалық жетілдіруді жоспарлаудың өзгеруі.
		4.2 Диссертация мазмұнында диссертация тақырыбының айқындалғандығы: 1) <u>айқындайды</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мәні волейболдан жоғары білікті командалардың атлетикалық даярлығын жылдық жоспарлаудың негізгі теориялық және кезеңдер мен мезоциклдер бойынша жоспарлау тәсілдерінің әдістемелік салаларының мәнін айқындалуында.
		4.3 Мақсат-міндеттердің диссертация тақырыбына сәйкестігі: 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның тақырыбы бойынша зерттеу міндеттері негізінде бір-бірімен қисынды байланыс тапқан және міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу жұмысының мақсаты тиянақты және бақылаудың біліктілігі жоғары волейболшылардың жылдық макроциклдегі жарыс қызметі тиімділігіне әсерін зерттеуге бағытталған.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ;	Диссертация бойынша бірінші, екінші, үшінші, және төртінші қорғалатын ережелер үшінші – «Біліктілігі жоғары волейболшылардың атлетикалық даярлығына эксперименталды негіздеме беру» бөлімінде айқындалған.
		4.5 Автор ұсынған	Ізденуші зерттеу барысында алған

		<p>жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау жоқ;</u></p> <p>2) ішінара сыни талданған;</p> <p>3) талдау өз пікірлерінен емес, басқа авторлардың цитатасынан құралған</p>	<p>ғылыми нәтижелеріне бұрынғы зерттеулердегі ұқсас нәтижелермен салыстыру жұмыстарын жүргізген (3.2.1 бөлімше)</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық қағидасы	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Бірінші ереже мен нәтиже жаңа болып табылады, себебі волейболдан атлетикалық даярлық терминін қолдану волейболшылар мен командалардың дене даярлығын арттыруға бағытталған жаттығу үрдісінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығын ашуға және осы негіздегі қимыл іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін атап көрсетуге ықпал етеді.</p> <p>Екінші нәтиже мен ереже жартылай жаңа, өйткені волейболдан жоғары білікті командалардың жаттығу үрдісін тиімді бағдарламалау арқасында жүргізуге негіз береді.</p> <p>Үшінші ереже мен нәтиже жаңа болып есептелінеді, өйткені плайометрия әдісін мақсатты пайдалану атлетикалық даярлық үрдісін ұтымды жоспарлауға мүмкіндік береді.</p> <p>Төртінші ереже мен нәтиже жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелері негізінде жоспарланған жалпы дене, арнайы дене және шапшаңдықты-күшті жүктеме көлемдері жоғары білікті командалардың ойын жарыс қызметі тиімділігінің қажетті деңгейін ұстап тұруға ықпал етеді.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>  3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Екінші қорытынды жартылай жаңа. Бірінші, үшінші және қорытындылар жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>  3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Бірінші нәтиже бойына шешім жаңа. Алғаш рет волейболға қатысты спорттағы атлетикалық даярлық ұғымына теориялық тұрғыдан негіздеме берген.  Екінші нәтиже бойынша шешім жартылай жаңа. Жоғары білікті командаларда жаттығу жүктемесін жоспарлаудың ұтымдылығына тәжірибе негізінде дәлелдеме берілген.  Үшінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Ізденуші біліктілігі жоғары волейболшылардың жоғары секіру және секіру төзімділігін арттыру үшін плайометриялық жаттығуларды қолданудың жоғары тиімділігі дәлелдеп берген.  Төртінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Диссертация авторы біліктілігі жоғары волейболшылардың секіру және секіру төзімділігі арттыру үшін плайометриялық жаттығуларды қолданудың жоғары тиімділігін дәлелдеп берген.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қортындылардың негізделгендігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми құндылығы бар дәлелдерге негізделген <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research, өнер тану және гуманитарлық</p>	<p>Бірінші қорытынды тақырып бойынша волейболшылардың атлетизм деңгейін арттыруға және жетілдіруге назар аударылғаны айқындалды.  Екінші қорытынды волейболдан секіру мен секіруге төзімділігін сақтауға басым назар аудару қажеттігі көрсетілген.  Үшінші қорытынды волейболдан</p>

		бағыттары бойынша)	атлетикалық даярлық бойынша жүктеменің өзгермелі динамикасын көрсетті. Төртінші қорытынды барлық жарыстық кезеңдерінде волейболшылардың атлетикалық даярлығын, функционалды жұмысқабілеттілігін жетістікті деңгейде ұстап тұруға ықпал ететіндігін дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылатын, негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) дәлелденді деуге болады;</p> <p>3) дәлелденбеді деуге болады;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Барлық қорғалатын ережелер қисынды жүзеге асырылу мүмкіндігімен дәлелденген.</p> <p>7.2 Ғылыми ережелер зерттеу әдістерінің таңдалуы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p> <p>7.3 Қорғалатын төрт ереженің екіншісі ішінара жаңа, ал біріншісі, үшіншісі, төртіншісі жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғалатын ережелерді қолдану мүмкіндігінің ауқымы кең. Оларды плайометриялық жаттығу әдістемесі негізінде атлетикалық даярлықты дамыту мен жетілдіруді қамтитын зерттеудің негізгі нәтижелері ретінде жылдық макроциклді жоспарлау жүйесі мен атлетикалық даярлықты бағалау барысында қолдануға болады.</p> <p>7.5 Бірінші қорғалатын ереже келесі мақалаларда баяндалған:</p> <p>1. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Малдыбаев Р.О., Молдахан К. Планирование атлетической подготовки в годичном макроцикле у команд высокой квалификации по волейболу. ISSN 2306-5540. - №3 (57). - 2019. - С. 152-157.</p> <p>2. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Гераськин А.А., Денисенко Ю.П. Атлетическая подготовка в современном волейболе // В журнале БУ ВО Ханты-Мансийского автономного округа-юргы. XVII</p>

Всероссийской научно-практической конференции с международным участием Совершенствование системы физического воспитания, спортивной тренировки, туризма и оздоровления различных категорий населения. 2018 года. г. Сургут: СГУ, 2018. –С. 306-309.

Екінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған:

1. Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э., Шанкулов Е.Т., Андриюшкин И.Л., Ерменова Б.О. Оптимизация физической подготовки юных волейболисток разных игровых амплуа с учетом их физического и функционального развития. ISSN 2306-5540. - №1 (47). - 2017. – С. 59-64.

Үшінші және төртінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған:

1. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Кефер Н.Э. Эффективность дифференцированной физической подготовки юных волейболисток. ISSN 2306 - 5540. - №3 (49). - 2017. - С. 88-92.

2. Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф. Планирование атлетической подготовки в современном волейболе // В журнале Министерства спорта Российской Федерации ФГБОУВО «Волгоградская государственная академия физической культуры». I Всероссийская с международным участием научно-практическая конференция Современные проблемы подготовки спортивного резерва: перспективы и пути решения. 6-7 декабря 2018 года. г. Волгоград: – С. 168-172.

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> 2) жоқ	Тақырып бойынша диссертацияның екінші бөлімінде ізденуші зерттеу идеясын, оның сәйкес логикасын, зерттеудің дұрыс әдістерін таңдауға негіздеме берген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> 2) жоқ	Бірінші нәтижені алу кезінде тақырып бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына сараптама жүргізілген. Екінші нәтиже заманауи волейболдан атлетикалық даярлықты жоспарлаудың ерекшелігі мен динамикалық салаларын анықтау арқылы алынды. Үшінші нәтижені алу үшін біліктілігі жоғары волейболшыларды жылдық макроциклдегі атлетикалық даярлауды жоспарлаудың тәжірибелік нұсқаларын анықтау. Төртінші нәтижеге қол жеткізу барысында біліктілігі жоғары волейболшылардың жылдық макроциклдердегі атлетикалық даярлығын неғұрлым ұтымды жоспарлау мен педагогикалық бақылауға эксперименталды түрде негіздеме беру.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <u>дәлелденген және расталған</u> (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Зерттеу логикасына сай ізденуші алдымен анықтаушы эксперимент жүргізеді, ары қарай тақырып бойынша негізгі тәжірибе жүргізудің бағдарламалары мен әдістерін әзірлеген.

		негізінде дәлелденеді): 1) иә 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/ актуалды және дәлелді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталмаған	Ізденуші алынған нәтижелерге алдын жүргізілген зерттеулердегі деректермен салыстыра сараптама жүргізген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/әдебиетке шолу үшін жеткіліксіз	Әдебиеттерге шолу барысында тақырып бойынша дәйекті сараптама жүргізу мақсатында әдебиеттердің біраз мөлшері пайдаланылған (144).
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығының мәні - алғаш рет волейболға қатысты спорттағы атлетикалық даярлық ұғымына теориялық тұрғыдан негіздеме берілді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә 2) жоқ	Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы алынған материалдарды волейболшыларды даярлаудан жаттығу-жарыстық қызметте және осы сала бойынша біліктілігі жоғары мамандар мен жаттықтырушыларды даярлау кезіндегі білім беру барысында да қолдануда.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып	Ұсынылған нұсқауларда А) пункті жаңа болып табылады. Себебі автор деректемелер негізінде волейболға қатысты «атлетикалық даярлық» терминін ғылыми айналымға енгізу керек деп есептейді. Б) пункті – жаңа, себебі ізденуші ойыншылардың дене қасиеттерін жетілдіруде плайометриялық



		табылады)	<p>жаттығуды қолданған жөн деп қарастырады.</p> <p>В) пункті – жартылай жаңа, өйткені атлетикалық даярлықтың жылдық макроциклдегі жоспарын жасау кезінде жаттығу жүктемесін неғұрлым біркелкі бөлуге мүмкіндік беретін мезоциклдер бойынша жоспарлауды пайдалану қолайлы болады.</p> <p>Г) пункті жартылай жаңа – бұл волейболшылар атлетизмінің бүкіл спорт маусымы бойы неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Д) пункттері – жартылай жаңа, себебі жарыс мезоциклінде ойын іс-қимылдарының қажетті тиімділігін қамтамасыз ету үшін жүктеме көлемі дұрыс бөлінуі қажет.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен;</p>	<p>Диссертация ғылыми тілде дұрыс баяндалған. Ізденуші ойларының ретімен жүзеге асырылған.</p> <p>Диссертация мәтіні автор келтірген қорытындыға сай сипатталған.</p>


**(PhD) философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды:**

6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Заманауи волейболдағы жылдық макроциклдің әртүрлі кезеңдерінде атлетикалық даярлықты жоспарлау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертация мазмұны мен рәсімделуі бойынша «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді, ішкі бірлігі мен тұтастығына ие, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, ал диссертация авторы Шанкулов Ерлан Тулеубаевич 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының  
профессоры, п.ғ.д.

25.03.2022



Е. Алимханов.